

Павлодар облысы Ақтоғай ауданы «М.  
Кайрбаев атындағы жалпы білім беретін  
орта мектеп» МКК даярлық тобының  
тәрбиешісі  
Копбергенова Гүльзия

«Ата-баба дәстүрі»  
вариативтік компонент  
бағдарламасы




«Ата-баба дәстүрі» вариативтік  
компоненті арқылы мектеп  
жасына дейінгі балаларды ұлттық  
құндылықтармен таныстырудың  
маңыздылығы.

## «Ата-баба дәстүрі» вариативтік компонентінің мақсаты:

Мектеп жасына дейінгі балалардың танымдық қабілетін халық мұрасымен таныстыру арқылы дамыту негізінде ұлтжанды тұлға тәрбиелеу.

Ұлттық қолөнер түрлерімен таныстыру арқылы  
шығармашылық қабілетін дамыту

Балаларды қазақтың салт-  
дәстүрлері жайлы түсінігін  
қалыптастыру



қазақтың тұрмыстық заттары  
жайлы білімін жетілдіру

қазақтың халық ауыз әдебиеті жанларымен таныстыру  
арқылы тілдік қорын дамыту

## Өзектілігі

**Халық мұрасымен таныстыру арқылы ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген ұрпақ тәрбиелеу . Ең бастысы, білім берудің базалық мазмұнын жүзеге асыру балаға тұлғалық-бағдарлық және жеке ерекшеліктеріне қарай қарым-қатынас жасау мен балабақшадағы тәрбиелеу мен оқыту үдерісіне тиімді ұйымдастырылып, жүзеге асырылғанда ғана баланың жеке басының даму сапасы жоғары деңгейге жететіндігін естен шығармауымыз керек.**



## Тәрбие дәстүрі:


Шілдеhana (салт) жаңа туған нәрестенің құрметіне жасалатын ойын - сауық той.

Кіндік кесер (салт). Нәресте туған сәтте оның кіндігін әйелдер (кіндік шешесі) кесуге дайын тұрады. Кіндік кесу мәртебелі, абыройлы іс

Бесікке салу (салт) жаңа туған баланы бесікке салу. Бесік қасиетті, киелі, құтты мүлік, сәбидің алтын ұясы болып есептеледі

Қырқынан шығару (салт). Баланың туғанына қырық күн толған соң, оны ыдысқа қырық қасық су құйып шомылдырады, ол сәбидің жан жүйесінің қалыптасып, дені сау болып өсуіне деген ақ тілікпен жасалатын ғұрып

Тұсаукесер (салт) сәби қаз тұрғаннан кейін тез жүріп кетсін деген тілекпен жасалатын ғұрып



Қазақ халқының  
қалыптасқан бірнеше  
ғұрыптары

- Ат қою (ғұрып) қазақ халқы жаңа туған сәбиге жақсы есімдер мен әйгілі адамдардың атын қойған. Сонымен бірге бала есімін беделді көпті көрген аталарымызға қойғызып, батасын алған.
- Айдар (ғұрып). Балалардың төбесіне шашын ұзартып өсіріп қояды. Бұл ер балаға жасалады.
- Кекіл (ғұрып). Жас балалардың шашын ұстарамен алып тастайды да, маңдайына бір шөкім шаш қалдырып, оның жиегін тегістеп қиып қояды. Оны «кекіл» дейді.

## Қазақтың бірнеше дәстүрлерін атап өтсек

- Тыштырма (дәстүр). Сәбиді бесікке салар кезде бесіктің түбегі тұратын тесіктен құрт, ірімшік, тәттілер өткізіп «тыштырма, тыштырма» деп ырым жасайды және оны «тыштырма» деп атайды. Тыштырманы әйелдер ырым етіп бөлісіп, бала-шағаларына үлестіріп береді.
- Базарлық (дәстүр) – алыс сапарға шыққан адамдардың жақындарына (жерлес, көрші - көлем, жас балалар, сыйлас адамдарына әкелген сыйлығы)
- Байғазы (дәстүр) балалардың, жастардың жаңа киім үшін берілетін ақшалай, заттай сый.
- Тілашар (дәстүр) баласы 7 жасқа толған соң балаға жаңа киім кигізіп, оқу жабдықтарын дайындап, шағын той өткізеді. Мұны «тілашар» тойы деп атайды.















